«Бекітемін»

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы»

МКҚК меңгерушісі

_________К.С.Медеуова

«31» 08 2022 жыл

**"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасы" МКҚК бойынша
жеке қадағалауды қажет ететін
балалармен жұмыс кестесі**

**2022-2023 оқу жылы**

| Апта күндері | Балалардың аты-жөні | Тобы | Жауапты |
|---|---|---|---|
| Дүйсенбі | Елемес Амиран | 7 | Психолог Ж.Ж.Қалмұхаш |
| Сейсенбі | Қамбар Омар | 14 | Психолог Ж.Ж.Қалмұхаш |
| Сәрсенбі | Құбайдуллаева Айзере | 7 | Психолог Ж.Ж.Қалмұхаш |
| Бейсенбі | Атаев Ертілек | 14 | Психолог Ж.Ж.Қалмұхаш |

**Мұғалжар ауданы бойынша инклюзивті білім алатын балалар тізімі**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Мекеменің атауы | Баланың аты-жөні | Туған жылы, айы күні | Диагнозы (ПМПК қорытындысы бойынша - өткен уақыты) | Ата-ана Аты-жөні | Мүгедек/ Инклюзив/ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК | Елемес Амиран | 12.07.2017ж | Задержка психического развития.ОНР II- III уровия.Нарушение поведения. | Турниязова Гүлшат Максатовна Турниязова Абил Елемесович | Инклюзив |
| | | Қамбар Омар | 22.07.2017ж | Задержка психического развития. Ринолалия.ОНР I уровия. | Ибатова Лаура Дәулеткереевна Талжанов Жұмабек Камбарович | Инклюзив |
| | | Құбайдуллаева Айзере | 11.11.2017ж | Задержка психического развития. ОНР II уровня. | Измагамбетов Амантай Кубайдуллаевич Измагамбетова Дина Жалгасовна | Инклюзив |
| | | Атаев Ертілек | 18.12.2016ж | Задержка психического развития.ОНР 1 уровия.Трудности поведения. | Атаева Салтанат Жалгауқызы Атаев Айдар Аккозыевич | Инклюзив |

«Бекітемін»

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы»

МКҚК меңгерушісі

_________К.С.Медеуова

«__31__»____08____ 2022 жыл

## Жеке қадағалауды қажет ететін балалармен жұмыстың

## 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары

| № | Жұмыстың тақырыбы | Қолданылатын әдістемелер | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жеке қадағалауды қажет ететін балаларды медбикелердің, тәрбиешілердің, көмегімен реттеу. Балаларды серуенде, топта, ҰОҚ-де бақылау | Сұрақтар, ойындар | Жыл бойы |
| 2 | Зейінді аудару қабілетін дамыту жаттығулары | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 3 | «Ұқсас затты тап» | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 4 | "Көңілді доп" | Ермексазбен жұмыс | күннің I жартысы |
| 5 | «Сипатталған затты тап» | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 6 | Тілдің бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 7 | "Шарды үрле" | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 8 | «Сағат» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 9 | «Тәтті тосап» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 10 | "Піл" жаттығу | Саусақтармен ойын - жаттығулар. | күннің I жартысы |
| 11 | Текшелерді боя | Саусақ жаттығуы | күннің I жартысы |
| 12 | Артық суретерді тауып сызып таста | Психожаттығулар топтамасы | күннің I жартысы |
| 13 | Сызықтардың суретін салып аяқта | Тапсырмалар | күннің I жартысы |
| 14 | Шарларды боя | Өзін-өзі тану журналы | күннің I жартысы |
| 15 | Сызықтардың суретін салып аяқта | Саусақ жаттығулары | күннің I жартысы |
| 16 | "Менің добым" | Бояумен жұмыс | күннің I жартысы |
| 17 | Сенде не бар? Тап. | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 18 | Суреттегі гүлді дұрыс боя. | Бояғышпен жұмыс | күннің I жартысы |
| 19 | Тілдің бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 20 | «Кім қалай дабыстайды?» | Дидактикалық | күннің I жартысы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ойындар | |
| 21 | «Бірдей ойыншықты тап» | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 22 | «Ұқсасын тап» | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 23 | «Желкен» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 24 | «Ат шауып келеді» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 25 | «Ауылға барғанда не көрдік», | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 26 | "Көкөністер бағында" | Бояулармен жұмыс | күннің I жартысы |
| 27 | «Тәтті тосап» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 28 | «Жайлауда көргендерім» | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 29 | Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 30 | "Менің не айтқым келді ойлап тап" | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 31 | "Дыбыстарды анықта" жаттығуы | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 32 | Мына жерде не артық | Дидактикалық ойындар | күннің I жартысы |
| 33 | «Бақа» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 34 | «Сағат» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 35 | «Тәтті тосап» жаттығуы | Артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |
| 36 | «Бегемот (сусиыр)» жаттығуы | С, З, Ц дыбыстарына арналған артикуляциялық жаттығулар | күннің I жартысы |

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қортындысы**
**Заключение психолого-медико-педагогической консультации**

Мекенжайы [illegible]
Адрес [illegible]

Телефон [illegible]
Берілді [illegible]

Выдано
Кеңестен өткені жайлы [illegible] күні [illegible] айы 22 жылы
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

[illegible]

2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар / Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

[illegible]

Заключение и рекомендации действительны [illegible] 2023 г.

ПМПК меңгерушісі ____________ Биарстанова Р.К.
Заведующий ПМПК

Мамандар

Специалисты [illegible]

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы**

**Заключение психолого-медико-педагогической консультации**

Мекенжайы Мугалжарский р/н
Адрес г. Кандыагаш.

Телефон 55-02-84
Берілді Жамбар Омар, 22.07.2017.

Выдано
Кеңестен өткені жайлы 12 күні 05 айы 22 жылы
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

Задержка психического развития.
Дислалия. ОНР II уровня

2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар / Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

1. Воспитание и обучение в общих детских организациях по адаптированной программе.
2. Занятия с дефектологом, логопедом в условиях КППК.

Заключение и рекомендации действительны 10.05.2023.

ПМПК меңгерушісі [signature] Биарстанова Р.К.
Заведующий ПМПК

Мамандар
Специалисты

психиатр [signature]
дефектолог [signature]
психолог [signature]
сурдопедагог [signature]

«Ақтөбе» облысының ... ШЖҚ ...
«Облыстық ... медициналық-...
консультация» КМК
Шығыс № 23313

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы**
**Заключение психолого-медико-педагогической консультации**

Мекенжайы: Мугалжар р-н
Адрес: г. Кандыагаш

Телефон: 57-02-84
Берілді: Жумабрулаева Айзере, 11.11.2017 г

Выдано
Кеңестен өткені жайлы 11 күні 05 айы 22 жылы
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

Задержка психического развития.
ОНР II уровня.

2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар / Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

1. Воспитание и обучение в общих детских организациях по адаптированной программе.
2. Занятия с логопедом, дефектологом в условиях кпп

Заключение и рекомендации действительны до 05.2023 г.

ПМПК меңгерушісі _____ Биарстанова Р.К.
Заведующий ПМПК

Мамандар
Специалисты

психиатр
дефектолог
психолог
сурдопедагог

23110
26.04.2022

## Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қортындысы
## Заключение психолого-медико-педагогической консультации

Мекенжайы Мугалжарский р/н
Адрес г. Кандыагаш

Телефон 55-02-84
Берілді Атаев Ертілек, 18.12.2016г.

Выдано
Кенестен өткені жайлы 26 күні 04 айы 22 жылы
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

Задержка психического развития. ОНР 3 уровня. Трудности поведения.

2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар / Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

1. Обучение и воспитание в общих детских организациях по адаптированной учебной программе.
2. Занятия с логопедом, дефектологом, психологом в условиях КППК

Заключение и рекомендации действительны до 05.2023 г.

ПМПК меңгерушісі / Заведующий ПМПК ______ Бияргстанова Р.К.

Мамандар / Специалисты невролог, психиатр, дефектолог, психолог, сурдопедагог, ... олигофренопедагог ...

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

# ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС

***Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында педагогтар балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.***

*В. А. Сухомлинский*

Көп ұлтты Қазақстанның бүгінгі жаңару бағыты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардан сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты жетілген парасатты азаматтар тәрбиелеу. Ата-аналардың мақсаты педагогтармен тығыз қатынаста болып солардың ақыл-кеңестерін тыңдап балаға тиянақты білім, жақсы тәрбие беруге өз үлестерін қосу, тікелей ат салысу. Мамандар ата-аналармен тығыз қатынаста жұмыс істеуі керек. Маманның ұсыныстары ата-анаға өз баласын жақсы түсінуге көмектеседі, онымен өз қарым-қатынасын құруды үйретеді және оған қоршаған өмірде толық бейімделуіне көмектеседі.

Көптеген ата-аналар педагог уақыттарын үнемі «ерекше» балаларға жұмсайтындықтан, денсаулығы бар балаларға жеткіліксіз назар аударады деп уайымдайды. Алайда кәдімгі топтарға ерекше қажеттіліктері бар 3-4 баладан артық қосылмайды және педагог денсаулығы бар балаларға қанша уақыт бөлсе, оларға да сондай уақытын бөледі. Мамандар ата-аналарды өз баласымен ынтымақтастықтың психологиялық – педагогикалық технологияларына, оны түзете оқытудың және тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістеріне үйретеді, сондай-ақ оларға психологиялық қолдау көрсетеді.

Ендігі кезекте ерекше балалардың ата-аналарына балабақшаның арнайы психологы тарапынан берілетін келесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы ***психологиялық кеңеске*** құлақ түріңіз:

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс – әрекетпен айналысып отырса.
4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынам жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.

14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

Ата-анамен тығыз байланысты нығайту мақсатында және бала туралы жалпы толыққанды мағлұмат алу үшін ата-аналарға сауалнамалар толтыртамын.

**Сауалнама**

**Сіз қандай ата-анасыз?**

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

10.Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
11.Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
12.Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
13.Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

***Жауабы:***

1. Әрқашан жасаймын,келісемін – 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін – 2 ұпай
3. Келіспеймін – 1 ұпай

- 0-16 – Бала тәрбиесі – сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.
- 17-30 – Балаға қамқорлық жасау – бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.
- 31-39 – Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

Ата-анаға психологиялық көмек көрсете отырып, өз баласының кемістігін түзету жолында сауаттандыру – қысқа мерзімде жоғары нәтижелерге жетудің негізі.

Ата-аналардың белсенділіктерін арттыру, олардың назарын балалармен жүргізілетін түзету жұмысының міндетін іске асыру барысына аудару мақсатында «Ана, бала және маман» үштік одағы құрылды, Ербасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Үш тілдің патшалығы» тақырыбында іс-шара, «Менің ұшқыр балақайым» тақырыбында дөңгелек үстел, «Танымдық процестерін дамыту» тренингтері, «Мен дарынды баламын…» атты дарындылар байқауы, сауалнама сұрақтарына жауап беру сияқты шаралар өткізілді.

Осы шараларды өткізудегі басты мақсат – ата-аналармен байланысты нығайту, ата-анаға балабақша жұмысының барысымен таныстыру, ата-ананың баласының болашағына сенімін ояту. Ата-аналар жиналыстарының көтеретін мәселелері мынадай болуы мүмкін:

- Отбасының баланың тілін дамытудағы көмегі.
- Баланың сөздік қорын қалай молайтуға болады?
- Баланың танымдық қызметін дамыту.
- Баланы қалай тыныштандыруға болады?

Ерекше балаларға ата-аналар тарапынан психикалық зорлық көрсеткені де бала денсаулығына зор ықпалын тигізеді. Мұндай зорлық түріне мыналар жатады:
-балаға үнемі сын көзбен қарау;
-баланы кемсіту;
-баланы қорқыту;
-баланы шектеу;
-баланың мүмкіндіктері мен жасына сай емес талаптар қою;
-үлкендердің сөздерін орындамау.

Осындай психикалық зорлық көрсетпеу туралы ата-аналарға психологиялық кеңес беру арнайы психолог маманының міндеті болып есептеледі.

Тәжірибеге жүктелетін болсақ, егер сөйлеу кемістікті уақытымен түзетіп игертпесе, бала балабақшада қиындыққа кездеседі. Бала үшін жанұя не істеуі керек? Ең алдымен өз баласына тән қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін анықтап алу керек. Бұл тиімді емдеу мен реабилитация жолын таңдауға көмектеседі, баланың жанұяда жеке өмірге бейімделу мүмкіндіктерін анықтайды. Дамуында ерекшеліктері бар балаға ең жақсы реабилитация – бұл оларды күнделікті өмірге тарту екенін ата-анаға түсіндіретін де , ұйым мен отбасының бірлескен қарым-қатынасын жүзеге асыратын да педагог мамандар, яғни сіз бен біз!

# ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС

***Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында педагогтар балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.***

*В. А. Сухомлинский*

Көп ұлтты Қазақстанның бүгінгі жаңару бағыты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардан сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты жетілген парасатты азаматтар тәрбиелеу. Ата-аналардың мақсаты педагогтармен тығыз қатынаста болып солардың ақыл-кеңестерін тыңдап балаға тиянақты білім, жақсы тәрбие беруте өз үлестерін қосу, тікелей ат салысу. Мамандар ата-аналармен тығыз қатынаста жұмыс істеуі керек. Маманның ұсыныстары ата-анаға өз баласын жақсы түсінуге көмектеседі, онымен өз қарым-қатынасын құруды үйретеді және оған қоршаған өмірде толық бейімделуіне көмектеседі.

Көптеген ата-аналар педагог уақыттарын үнемі «ерекше» балаларға жұмсайтындықтан, денсаулығы бар балаларға жеткіліксіз назар аударады деп уайымдайды. Алайда кәдімгі топтарға ерекше қажеттіліктері бар 3-4 баладан артық қосылмайды және педагог денсаулығы бар балаларға қанша уақыт бөлсе, оларға да сондай уақытын бөледі. Мамандар ата-аналарды өз баласымен ынтымақтастықтың психологиялық – педагогикалық технологияларына, оны түзете оқытудың және тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістеріне үйретеді, сондай-ақ оларға психологиялық қолдау көрсетеді.

Ендігі кезекте ерекше балалардың ата-аналарына балабақшаның арнайы психологы тарапынан берілетін келесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы ***психологиялық кеңеске*** құлақ түріңіз:

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс – әрекетпен айналысып отырса.
4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынам жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.

**Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты қашықтан жүргізуді ұйымдастыру бойынша арнайы білім беру ұйымдарына арналған әдістемелік нұсқаулықтар**

Республикамызда орын алып отырған төтенше жағдайға байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалар оқитын арнайы білім беру ұйымдарының жұмысын *қашықтан* жүргізу қажеттігі туындап отыр. Балалар мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру үшін білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына электрондық платформалар мен басқа электрондық қайнаркөздерге қол жеткізу мүмкіндігі беріледі.

**Оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ОО, ППТК).** Жұмыс 40 минут ішінде қатысушылардың қажетті санының (маман, бала, ата-аналар) болуымен шектелмеген санда онлайн бейне-сабақтар, кездесулер, консультациялар өткізуге мүмкіндік беретін қашықтан жұмыс істеу режимінде ZOOM интернет-платформасы арқылы жүзеге асырылады. Онлайн сабақтарды көрсетілген немесе басқа жүйеде жүзеге асыру мақсатында есептік жазба құру, тіркелу, сабақтар кестесін баланың ата-аналарымен алдын ала келісу қажет.

Жұмыстың бұл режимі ППТК мен ОО жағдайында іске асырылатын жеке және топтық сабақтарды ұйымдастыру кезінде тиімді әрі балалардың ата-аналарымен кері байланыс орнату үшін ыңғайлы. Маман мен ата-ана компьютер, телефон мен планшеттен де интернетке кіре алады, баламен жұмыс істеу кезінде қажет болатын бейне- және аудио байланысқа қосылу мүмкіндігі бар. Бейне-сабаққа сілтемесі немесе кездесу сәйкестендіргіші бар ППТК мен ОО-ның кез келген басқа маманы не басшылары қосыла алады.

Көрсетілген режимде жұмыс істеу бейне-көрсетулерді, аудиожазбаларды, анимациялық материалды (мультфильм фрагменттері, қозғалатын объектілер және т.б.) кеңінен қолдануға, көрнекі-сюжеттік, дидактикалық материалдарды көрсетуге мүмкіндік береді.

Түзету сабақтары бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі және маман алдында тұрған барлық міндеттерді орындауға бағытталған.

Онлайн режимдегі сабақтарға төмендегідей балалар тартылуы мүмкін:

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар;
- зерде бұзылыстары бар;
- психикалық дамуының тежелісі бар;
- тірек-қозғалыс аппараты зақымдалған;
- есту, көру қабілетінің бұзылыстары бар.

*Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қашықтан сабақ жүргізу ерекшеліктері*

1. Балаларға сабақтар ата-аналары (ата-аналарының бірі) міндетті түрде қатысқан жағдайда жүргізіледі. Ата-анасы бірлескен сабақ өткізуге көмектеседі (балаға керекті дидактикалық материалды жайып қойып, қажет болғанда оған нұсқаулықты қайталап

түсіндіреді, қиындықтар туындағанда немесе тапсырма дұрыс орындалмағанда баламен бірлесіп орындауға кіріседі және т.б.).

2. Аутистикалық спектрдегі ауытқулары бар балалармен жүргізілетін сабақтардың ерекшеліктері бар, бұл олардың эмоциялық-ерік саласы мен зейінінің бұзылуына байланысты, сондықтан бала ұзақ уақыт компьютер алдында отыра алмайды, психологпен (не басқа маманмен) байланыста бола алмайды. Бұл жағдайда ең оңтайлы нұсқа ретінде баланың ата-анасына арналған консультациялық онлайн сабақтар және оқыту семинарлары болып табылады, олардың барысында ата-аналар тапсырманы жазып ала алады, оларды орындау тәсілдерін нақтылап, туындаған сұрақтарға кәсіби жауаптар ала алады.

3. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс кезеңдерінің бәрін қосуға мүмкіндік беретін логопедиялық сабақтар өткізу едәуір ыңғайлы: сабақтардың мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру; артикуляциялық, саусақтық жаттығу жасау; дыбыстау, сөйлеу тілінің лексикалық, грамматикалық жақтары, байланыстыра сөйлеу тілін қалыптастыру.

4. Арнайы педагогтың (дефектологтың) сабақтары мынадай тапсырмалардан тұрады:

- жалпы моториканы дамыту бойынша;
- қолдардың ұсақ моторикасын дамыту бойынша;
- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту;
- танымдық белсенділік пен білуге құштарлықты дамыту;
- когнитивтік үдерістерді дамыту;
- көру-кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру;
- сенсорлық түсініктерді дамыту.

*Қашықтан жұмыс режимде сабақтар өткізуге қойылатын талаптар:*

1. Компьютерлік технологияларды пайдаланумен болатын әрбір сабақ баланың жеке мүмкіндіктері және білім алуға қажеттіліктерін ескере отырып, жүргізілуі керек.

2. Компьютер алдында отырған баламен жұмыс кезінде денсаулық сақтау факторлары міндетті түрде сақталуы қажет. Бұл талап ерекше білім беруді қажет ететін баланың психологиялық-дене күйінің ерекшеліктерінен туындайды. Көру арқылы, уақыт, эмоциялық тұрғыдан балаға көп жүктеме беруге болмайды. 6 жастағы бала үшін жұмыстың біржолғы ең көп ұзақтығы күніне 15 минуттан, 5 жастағы балалар үшін күніне 10 минуттан аспауы керек. Компьютерлік ойындарды іріктеу кезінде баланың физиологиялық және жас мүмкіндіктерін негізге алу қажет.

3. Бір күн ішінде компьютерді пайдаланумен бір сабақтан артық сабақ өткізілмейді.

4. Компьютерді пайдаланумен сабақ өткізудің ұсынылатын уақыты: күннің бірінші жартысы.

5. Қашықтан сабақтарды аптасына 2 реттен артық жүргізбеу ұсынылады.

6. Серуендеуге және күндізгі демалысқа бөлінген уақытта компьютермен сабақ өткізуге рұқсат етілмейді.

7. Сабақты жоспарлау және жабдықтарды іріктеу кезінде педагогтың (үй жағдайында жұмыс істейтін), отбасының қолында бар құралдар мен оқулықтарды ескеру қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қашықтан жұмыс істеу сабақтарының құрылымы ППТК немесе ОО жағдайында қалыпты режиммен жүргізілетін сабақтардан ерекшеленбеуі керек:

1. Дайындық кезеңі. Баланы компьютерлік ойындар мен жаттығуларға эмоционалдық тұрғыдан дайындау және дене дайындығына бағытталған. Жұмыс істеуде көру және моторлық анализаторларды дайындау үшін көзге арналған жаттығулар, саусақтармен жаттығулар жүргізіледі. Бала проблемалық жағдайға енгізіледі.

2. Негізгі кезең. Алға қойылған түзету-білім беру міндеттері жүзеге асырылады.

3. Қорытынды кезең. Баланың қызметінің нәтижелерін бағалау (рефлексия, өздік рефлексия), балаға түскен эмоционалдық, көру және бұлшықет күшін басу. Кері байланыс (ата-аналар сұранымдары, олардың сұрақтарына жауап беру).

**Мектепке дейінгі арнайы білім беру ұйымдары.** Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қашықтан жұмыс істеуді ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шаралар ұсынылады.

1. Мектепке дейін арнайы білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

- қажетті дидактикалық материалдарды пайдаланып, шағын сабақтардың бейнетүсірілімдерін ұйымдастырсын;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отыра тәрбиеленушілердің ата-аналары үшін кеңес беру мүмкіндіктерін қарастырсын. Оқу тапсырмалары, демалыс, қозғалыс белсенділігін орындауға арналған уақытты белгілей отырып, балалар үшін нақты күн тәртібін құрастыруға ата-аналарға көмектессін;

- тәрбиеленушілердің үй жағдайында тапсырмаларды орындауларының жүйелілігі және табысты болуына мониторинг жүргізу мақсатында кері байланыс амалдарын анықтасын.

2. Мектепке дейін арнайы білім беру ұйымдарының педагогтары мен әдіскерлеріне:

- күнтізбелік-тақырыптық жоспардан жаңа тараулар мен тақырыптарды оқыту алынып тасталсын;

- тәрбиеленушілердің игеру ерекшеліктерін ескере отырып, Білім беру салалары бойынша дағдылары мен алған білімдерін бекіту және қайталауды ұйымдастыру үшін аса маңызды тақырыптарды таңдау қажет.

- ата-аналардың үй жағдайында балалармен жұмысын ұйымдастыру мақсатында Білім беру салалары бойынша дағдылары мен алған білімдерін бекіту және қайталау үшін түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жаттығулар жүйесін әзірлесін;

- зерде бұзылыстары бар тәрбиеленушілер үшін шаруашылық еңбек, тұрмыстық жағдайлар, үйде, жер телімінде әлі келгенше ата-анасына көмек көрсетуді қосқанда үй жағдайында орындау мүмкін болатын практикалық сипаттағы тапсырмалар ұсынсын. Мұндай тапсырмаларды үйрету мақсатында есептеу және балаларды өздігінен жұмыс істегені, тырысқаны және сапалы орындағандары үшін көтермелеу. Кері байланысты смартфондарды пайдаланып, бейне-байланыстар көмегімен іске асыруға болады;

- қажет болғанда тәрбиеленушілерге жеке оқу бағдарламалар бойынша дербес тапсырмалар дайындау және олар үшін қолжетімді түрде ұсынсын;

- балаларға карантин кезінде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, құрбы-құрдастары және ересектермен байланысты шектеудің маңыздылығы туралы ата-аналарды ақпараттандыру керек.

**Мектеп түріндегі арнайы білім беру ұйымдары.** Мектеп түріндегі арнайы білім беру ұйымдарында ерекше білім білім беруді қажет ететін балалармен қашықтан жұмыс істеу режимін ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шаралар ұсынылады.

1. Мектеп әкімшілігі:

- қажетті дидактикалық материалдарды пайдаланып, шағын сабақтардың бейнетүсірілімдерін ұйымдастырсын;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналары үшін консультациялар өткізу мүмкіндіктерін қарастырсын. Оқу тапсырмалары, демалыс уақыты, қозғалыс белсанділігін орындауға арналған уақытты белгілей отырып, ата-аналарға балалар үшін нақты күн тәртібін құрастыруға көмектессін;
- тәрбиеленушілердің үй жағдайында тапсырмаларды орындауының жүйелілігі және табысты болуына мониторинг жүргізу мақсатында кері байланыс тәсілдерін анықтасын;
- мектеп бітірушілердің кәсіби-еңбекке оқуын бағалауды бұрын игерілген еңбек дағдыларының қорытындылары бойынша жүзеге асырсын.

2. Бастауыш сынып мұғалімдері мен мектептің пән мұғалімдері оқу үдерісін қашықтан оқыту тәсіліне көшуге байланысты 4-тоқсанның күнтізбелік жоспарларына өзгерістер енгізсін:

- күнтізбелік-тақырыптық жоспардан жаңа тараулар мен тақырыптарды оқытуды алып тастауға ұсыныс жасалады;
- сынып оқушыларының оқу материалдарын игеру ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп пәндері бойынша дағдылары мен алған білімдерін бекіту және қайталауды ұйымдастыру мақсатында аса маңызды тақырыптарды таңдау қажет.

3. Мектептің мұғалімдері мен әдіскерлеріне:

- үй жағдайында балалардың өздігінен тапсырмаларды орындауын ұйымдастыру мақсатында оқу пәні шеңберінде сынып оқушыларының дағдылары және алған білімдерін бекіту мен қайталау үшін түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жаттығулар жүйесін әзірлесін;
- зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған түрлі деңгейдегі жаттығулар мен тапсырмалар ТП ҰҒПО-ның сайтында орналасқан оқулықтар мен жұмыс дәптерлерінде берілсін;
- зерде бұзылыстары бар тәрбиеленушілер үшін шаруашылық еңбек, тұрмыстық жағдайлар, үйде, жер телімінде әлі келгенше ата-анасына көмек көрсетуді қосқанда үй жағдайында орындау мүмкін болатын практикалық сипаттағы тапсырмалар ұсынсын. Мұндай тапсырмаларды үйрету мақсатында есептеу және балаларды өздігінен жұмыс істегені, тырысқаны және сапалы орындағандары үшін көтермелеу керек. Кері байланысты смартфондарды пайдаланып, бейне-байланыстар көмегімен іске асыруға болады;
- қажет болғанда тәрбиеленушілерге жеке оқу бағдарламалар бойынша дербес тапсырмалар дайындау және олар үшін қолжетімді түрде ұсынсын;

- балалар мен олардың ата-аналарына карантин кезінде жеке гигиенаны сақтау және адамдармен байланысты шектеудің маңыздылығы туралы ақпарат берсін.

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК).** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №66 бұйрығының «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидалары» атты № 7-қосымшасына сәйкес ПМПК қызметінің негізгі бағыттары диагностикалау және кеңес беру болып табылады. Осы бағыттарда қашықтан жұмыс істеу режимін жүзеге асыру үшін мынадай іс-шаралар болжанады:

1. ПМПК-ға қабылдауға телефон арқылы алдын ала жазылу.

2. Медициналық және әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау телефон арқылы (әңгімелесу) және электронды пошта (WhatsApp) бойынша медициналық не басқа құжаттардың фотокөшірлемелерін ала отырып, электронды поштамен жіберілген сауалнамаларды ата-аналардың толтыруы түрінде жүргізілуі мүмкін.

3. Даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру онлайн-режимде не ПМПК мамандары электронды пошта бойынша жіберген сауалнамаларды ата-аналардың толтыруы түрінде жүргізілуі мүмкін.

Skype немесе WhatsApp арқылы онлайн режимде психологиялық тексеруді психолог баланың мінез-құлығы мен ойынын бақылау, баламен әңгімелесу, онлайн-режим форматында эмоционалдық-коммуникативтік, танымдық қызметінің ерекшеліктерін зерттеу мақсатында вербалдық әдістемелер мен тестерді орындау түрінде жүргізеді. Электронды пошта, WhatsApp арқылы жіберілген суреттер, графикалық тестер мен жазбаша жұмыстарды талдау жүргізіледі.

Skype немесе WhatsApp арқылы онлайн режимде логопедиялық тексеруді логопед баламен әңгімелесу, сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарын зерттеуге арналған тесттік материалды беру түрінде жүргізеді. Жазбаша сөйлеу тілін зерттеу мақсатында жазбаша жұмыстар мен оқуға арналған мәтіндер ұсынылады. Жазудың бұзылысын анықтау мақсатында жазбаша жұмыстарды талдау жүргізіледі.

Skype немесе WhatsApp арқылы онлайн режимде педагогикалық тексеруді педагог-дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог зерде, есту, көру қабілеттерінің бұзылыстары бар балаларды бақылау және олармен әңгімелесу түрінде жалпы білім қорын және қоршаған орта туралы түсініктерін және жетекші қызметінің даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізеді. Мектепке дейінгі және мектептегі оқу бағдарламалары бойынша білімдерді меңгеруін зерттеу үшін Электронды пошта, WhatsApp арқылы негізгі оқу пәндері бойынша жазбаша тапсырмалар ұсынылады.

Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу телефон бойынша, Skype немесе WhatsApp арқылы жүргізіледі: ата-аналармен әңгімелесу, әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдарының құжаттары және медициналық құжаттардың фотокөшірмелерін алу түрінде, электронды пошта бойынша жіберілген сауалнамаларды ата-аналардың толтыруы.

Неврологиялық зерттеуді онлайн-режимде Skype немесе WhatsApp арқылы дәрігер-невропатолог ата-аналар (заңды өкілдер) және баламен әңгімелесу, мінез-құлығын бақылау (қозғалу саласының күйін зерттеу шеңберінде), жүргізілген параклиникалық (бас

миының магниттік-резонанстық томографиясы, эхоэнцефалограмма, электроэнцефалограмма, электромиограмма жүргізу, көз түбін тексеру және т.б.) және медициналық ұсынымдар мәліметтерін зерттеу түрінде жүргізеді.

Психиатриялық тексеру онлайн-режимде Skype немесе WhatsApp арқылы психиатрдың баламен әңгімелесуі, оның мінез-құлығын бақылау, оның психологиялық тапсырмаларды орындауы, ойын әрекеттерін жүзеге асыруы арқылы жүргізіледі. Баланың психологиялық қызметінің диагностикалық маңызды аспектілері оның ата-аналары (заңды өкілдері) арқылы нақтыланады, жүргізілген тексерулер мен медициналық ұсынымдардың мәліметтері зерттеледі.

4. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуындағы бұзылыстарды еңсеру және олардың алдын алу, емдеу, оқыту мәселелері бойынша отбасына кеңес беру төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

- әр маманның жеке қосымша беті қарастырылған ПМПК-ның ресми сайты, онда ата-аналар жазбаша сұрақ қоя алады, ал ПМПК мамандары жауап береді;

- Skype немесе WhatsApp (қызмет алушының мүмкіндігіне қарай) арқылы бейнебайланыс.

ПМПК мамандарының консультация беруі мынадай түрде іске асырылады:

- онлайн-режим форматында және телефонмен әңгімелесу түрінде дәрігер-невропатологтың жүйке аурулары бар балалардың жүйке жүйесінің күйі, қажет болғанда дәрі-дәрмекпен емдеу, ЕДШ дәрігерінің (нұсқаушысының) және оқуды қашықтық режимде ұйымдастыру бойынша арнайы педагогтың ұсыныстарын ескере отырып, оңтайлы күн тәртібін ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке кеңес беру;

- психиатр-дәрігердің онлайн және телефон бойынша әңгімелесу форматында психикалық және мінез-құлығында бұзылыстары бар балалардың психикалық күйі, уақытында ұсынымдарды түзету және психикасын қорғау режимін ұйымдастыру арқылы асқынудың алдын алу, баланың білім алу және дамыту көмегін алуға ықпал ететін жағдаймен қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке кеңес беру;

- онлайн-режим және телефонмен әңгімелесу форматында психологтың баланың дамуы үшін қажетті психологиялық жағдай жасау, зерде дамуын ынталандыру, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, эмоционалдық күйін қалыпқа келтіру мақсатында бірінші кезекте арнайы білім беру ұйымдары тарапынан көмек алмайтындарға ұсыныстар (үйде дамыту бағдарламаларын) әзірлеу бойынша жеке кеңес беру;

- онлайн-режим және телефонмен әңгімелесу форматында педагог-дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагогтың баланың дамуы үшін қажетті педагогикалық жағдай жасау, жасы мен мектепке дейін жалпы білім беру және мектеп бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім, икем және дағдыларын қалыптастыру бойынша бірінші кезекте арнайы білім беру ұйымдары тарапынан көмек алмайтындарға ұсыныстар (үйде дамыту бағдарламаларын) әзірлеу бойынша жеке кеңес беру;

- онлайн-режим және телефонмен әңгімелесу форматында логопедтің баланың сөйлеу тілінің дамуы үшін қажетті жағдай жасау, сөйлеу тілінің дамуының түрлі жақтарын қалыптастыру, отбасылық қатынас барасында тілдік қатынасты қалыптастыру

бойынша бірінші кезекте арнайы білім беру ұйымдары тарапынан көмек алмайтындарға ұсыныстар (үйде дамыту бағдарламаларын) әзірлеу бойынша жеке кеңес беру;

- онлайн-режим және телефонмен әңгімелесу форматында әлеуметтік педагогтың баланың әлеуметтік дамуы үшін қажетті жағдай жасау, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын: тазалық, өзіне өзі қызмет көрсету, үй еңбегі қызметін көрсету, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру бойынша ұсыныстар (үйде дамыту бағдарламаларын) әзірлеу бойынша жеке кеңес беру.

Тексеру нәтижелері, баланың құжаттарын зерттеу негізінде ата-аналардың келісімі бойынша білім беру бағдарламасының түрі және қажетті түзете-педагогикалық қолдау көрсету туралы қорытынды дайындалады. Қорытынды тіркеледі және скандалған түрде ата-аналардың электронды поштасына жіберіледі. Қорытындының түпнұсқасын ата-аналар өздеріне қолайлы кез келген уақытта ала алады. Егер арнайы педагогикалық, әлеуметтік немесе медициналық қызмет алу үшін ата-аналарға ПМПК қорытындысының түпнұсқасы қажет болса, олар оны санитарлық-эпидемиялогиялық іс-шараларды сақтаған (маскалық режим) жағдайда ПМПК-дан тікелей ала алады.

ПМПК-да диагностикалық топ бар болғанда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс ОО және ППТК-ға арналған шараларға сәйкес қашықтан жұмыс жүргізу режимінде жүргізіледі.

*ПМПК қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу режиміндегі лауазымдық міндеттері*

*ПМПК меңгерушісі* психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады. Бұдан ары білім беру бағыты, білім беру бағдарламасының түрі және баланың жеке психикалық-дене ерекшеліктерін ескере отырып, түзете-дамыта оқытуды ұйымдастыру талаптарын анықтау үшін алқалық талқылауды ұйымдастырады. Әдістемелік жұмысты басқарады, құжаттаманы дұрыс жүргізу және ПМПК-ны арнайы құралдар және компьютерлік техникамен жабдықтау үшін жауап береді. ПМПК мамандарының сапалы жұмыс істеуі, олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек жағдайлары, ұжымда жағымды психологиялық атмосфера құруды қамтамасыз етеді. Қажетті есептерді дайындау және есеп беруді қамтамасыз етеді.

*Психолог* психологиялық анамнез жинауды жүзеге асырады, балаларды психологиялық тексерістен өткізеді, зерттеу нәтижелерін талдайды, баланың психологиялық даму ерекшеліктері: эмоционалдық-коммуникативтік және зерде дамуы туралы қорытынды жасайды, ата-аналарға баланың психологиялық дамуы және оны тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес береді, үй жағдайында жүзеге асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналар үшін балалардың дамуы және оларды тәрбиелеу бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымының мұғалімдері, мамандары үшін ЕБҚ ететін балалардың түрлі санаттарының ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар жасайды.

*Логопед* сөйлеу тілінің анамнезін жинап, балаларды логопедиялық тұрғыдан тексереді, зерттеу нәтижелерін талдайды, баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері туралы қорытынды жасайды, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтап, жіктейді, ата-аналарға баланың сөйлеу тілін дамыту бойынша кеңес береді, үй жағдайында жүзеге

асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналарға баланың сөйлеу тілінің дамуы бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен мамандарына сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар жасайды.

*Педагог дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог* балаларды педагогикалық тексерістен өткізіп, зерттеу нәтижелерін талдайды, жалпы білім қоры және коршаған орта туралы түсініктері, білім бағдарламаларын игеру деңгейі туралы қорытынды жасайды, ата-аналарға ЕБҚ ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша кеңес беріп, үй жағдайында жүзеге асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналарға баланы дамыту бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен мамандарына ЕБҚ ететін балалардың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар дайындайды.

*Әлеуметтік педагог* отбасына әлеуметтік қолдау көрсету және балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес береді, олардың арасында жәрдемақы, жеңілдіктер, әлеуметтік көмек алу бар. Әлеуметтік педагог мүгедектікті рәсімдеу, калалық/аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде МӘС-ның ОЖБ-н жүзеге асыру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының түрлі бөлімдеріне және мамандарына құжаттар тапсыру бойынша кеңес береді.

*Статистик* тексеруге алын ала жазылу, балаларды тіркеу және құжаттаманы есепке алу, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы жиынтық есепті құрастыруды жүзеге асырады.

№ 10 топ

## Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты – жөні: Атаев Ертілек

Ойынның аты: „Түстерді ажырата біл"

Мақсаты: Түстерді айта білуге тәрбиелеу. Жасыл, қызыл, көк

Көрнекіліктер: Әр түрлі пішіндегі суреттер(геометриялық пішіндер)

Ойынның сипаттамасы:

Стол үстіндегі геометриялық пішіндерді атай білуге, түстерін ажырата білуге, айта білуге үйрету

Жеке балаға сипаттама

Түстерді айта білуі, көрсете білуі. Айтпаған түстерді (жасыл, қызыл, көк)

Нұсқаулар: Дыбыстарды айта білуге жаттықтыру

Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты-жөні:Елемес Амиран

Ойынның аты: Зейінді дамыту және тәрбиелеу жаттығулары

Мақсаты: Зейінді дамыту

Ойынның сипаттамасы: Балаға әртүрлі сөздерді атаңыз: үстел, кереует, кесе, қарындаш, дәптер, кітап, торай, шанышқы және т. б. Ол келісім бойынша белгілі бір сөздерге қимылмен жауап беруі керек. Бала мұқият тыңдайды да, мысалы, жануарды білдіретін сөздерді естігенде, алақанын соғады.

Жеке балаға сипаттама: Амиран тапсырманы жақсы орындады.

Психолог: Ж.Ж.Қалмұхаш

Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты-жөні: Елемес Амиран

Ойынның аты: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы

Мақсаты: Дыбысты анық айтуға үйрету

Ойынның сипаттамасы: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр.
Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2 - сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз.

Жеке балаға сипаттама: Дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру

Психолог: Ж.Ж.Қалмұхаш

Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты-жөні:Құбайдуллаева Айзере

Ойынның аты: Пішіндерді аякта» қабылдау дәлдігін дамыту жаттығуы

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту

Ойынның сипаттамасы: Балаларға аяқталмаған, сызықпен бейнеленген түрлі геометриялық пішіндердің суреттерін көрсетеді, бірақ олар аяқталмаған. Оларды баланың аяқтауын өтінесіз

Жеке балаға сипаттама: Айзере тапсырманы жақсы орындады.

Психолог: Ж.Ж.Қалмұхаш

Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты-жөні:Құбайдуллаева Айзере

Ойынның аты: «Мына жерде не артық» сергіту ойыны

Мақсаты: Жылдамдыққа тәрбиелеу

Ойынның сипаттамасы: Қазір сіздер өте бір қызық ойынды ойнайсыздар. Ол үшін жасалатын қимылды тез - тез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңізгесәйкес затты тауып алыңыз да тез - тез қолыңызға алыңыз. Не артық екенін көрсету

Жеке балаға сипаттама: Ойын өте қызықты болды, бала аса қызығушылықпен қатысты.

Психолог: Ж.Ж.Қалмұхаш

## Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты – жөні: Атаев Ертілек №10 топ

Ойынның аты: „Тілімді қайтала"

Мақсаты: Зейінін, ой-өрісін дамыту

Көрнекіліктер: Доп, кегл, құрылыс

Ойынның сипаттамасы:

Допты домалату кегелді көтеру құрылыс-ты кошикке жинау. Бала қайталайды.

Жеке балаға сипаттама

Ертілек айтқан, көрсеткен тапсырмаларды орындады.

Нұсқаулар: Тіл жаттығуларын үлгімен орындау.

Жүргізілген күні: 26 11 2022

Қолы: [signature]

## Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты – жөні: Ахаев Ерлік

Тобы: 10-топ Мұрагер.

Ойынның аты: Қолдың саусақтарының дамуына арн. жаттығулар.

Мақсаты: Қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

Көрнекіліктер: Саусақпен түрлі жат-лар, фигуралар жасау.

Ойынның сипаттамасы: Баланы қарама-қарсы отырғызып, саусақтармен әр-түрлі «фигураны» көрсетеді. Бала сол қимылды тура солай қайталау керек.

Жеке балаға сипаттама Ерлік тапсырманы орындай алмады өз еркімен.

Нұсқаулар: Тақпақтармен жұмыс.

Тәрбиешілерге:

Жүргізілген күні: 19.10.2022.

Қолы: [signature]

**Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы**

Аты – жөні: Асаев Ерғилек

Тобы: 10-топ Мұрагер

Ойынның аты: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерінің атауға, анықтауға үйрету.

Көрнекіліктер: Үй жан-ң сурет-і кор-п қағаз - жан-р есімін анықтау.

Ойынның сипаттамасы: Дөңгелене отырып, қалтайын қалтадан үй жануарларын алып, оның жануардың дене мүшелерін атау, олар туралы білімдері с.с.

Жеке балаға сипаттама Ерғилек бұл ойында ойын сөйлей алмаса да ымдап түсіндіруге тырысты.

Нұсқаулар: Суреттерді қарап жан-ды атау.

## Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты – жөні: [illegible]

Ойынның аты: «[illegible]»

Мақсаты: [illegible]

Көрнекіліктер: [illegible]

Ойынның сипаттамасы:

[illegible]

Жеке балаға сипаттама

[illegible]

Нұсқаулар: [illegible]

Жүргізілген күні: [illegible]

## Жеке баламен жүргізілетін жұмыстың хаттамасы

Аты – жөні: Атаев Еміліс

Тобы: 10-ТП Жұлдыз

Ойынның аты: «Сәлем» Саусақ ойыны

Мақсаты: Санау 1-10 дейін және кері санау.
Саусақтарының моторикасын дамыту.

Көрнекіліктер: Саусаққа массаж жасау

Ойынның сипаттамасы: Саусақ ойындарының пайдасы:
Баланың тілі жетіледі, зейін-қозғалысы артады,
икемділігі артады, ойлау қабілеті дамиды, көңіл күйі артады

Жеке балаға сипаттама

Нұсқаулар: Еміліс көрнекіліктерге қызығушылығы бар екен.